

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

FTAMP 17.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp42-48](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp42-48)

А. Ақтанова¹, Ш. Ақтанова²

¹ф.ғ.к., Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ. Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-0444-5336> E-mail: Aimanaktan71@gmail.com

²ф.ғ.м., «Alikhan Bokeikhan University» ББМ Семей қ., Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0003-1648-3855>

М. ӘУЕЗОВ ПЕН Э. ХЕМИНГУЭЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ПЕН АДАМ КОНЦЕПТ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Мақалада қазақ жазушысы М. Әуезов пен америкалық жазушы Э. Хемингуэй шығармаларындағы табиғат пен адам концепт категорияларының берілуі туралы мәселе қарастырылған. Қос классик жазушының шығармаларындағы концептілердің макро және микро түрлері талданып, шығармаларынан мысалдар келтіріліп, ерекшеліктері сараланып берілді. Сонымен қатар, концепт терминінің көркем шығармаға қатысты талдануы, зерттелуі біршама сараланып берілді. Мақалада концептілердің құрылымдық ерекшелігі мен оның жазушы зерханасымен тікелей байланыстылығы және ұлттық дүниетаным аясында қарастырылатыны дәйектеліп берілді. Табиғат пен адам қарым-қатынасы туралы туындыларда көбіне табиғаттың адамға әсері және сол арқылы адам болмысының көрінуі берілетіні белгілі. Жазушылардың табиғат суреті мен адам жан дүниесіндегі тартыстарды беру арқылы рухани экология мәселесін де көтергені дәйектелді. Макро концепт ұғымын талдау арқылы ұлттық дүниетанымның жазушы шығармашылында қалыптасу жолдары қарастырылды.

Кілт сөздер: Концепт, макро концептілер, микро-концептілер, рухани экология, табиғат суреті, адам болмысы, әдеби талдау, автор дүниетаным

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Көркем әдебиет адам тану құралы десек те, оның автор дүниетаныммен байланыстылығы және қандай да бір заманның, дәуірдің тынысын білдіруге бағытталғандығы сол кезеңдегі тарихилық концептісімен саралауды талап ететіні сөзсіз. Классикалық деңгейдегі көркем туындылардың ерекшелігі аталған шекараларды жойып, жалпы адамзаттық құндылықтар төңірегінде биік идеалдарды бейнелеуімен сипатталады. Мақалада негізінен әлемге танымал классик жазушы Мұхтар Әуезов пен нобель сыйлығының иесі Эрнест Хемингуэй туындыларындағы табиғат пен адам болмысына байланысты тұжырымдық категориялар сараланып берілді.

КІРІСПЕ

Әлемге танымал, өз замандарынан оза туған қос қаламгер: туындылары да жеке бір дәуір, халық, ұлт шеңберінен асып, бүкіл адамзатқа ортақ құндылықтар мәселесін көтергені белгілі. Сондықтан да екі жазушының екі түрлі қоғамдық формацияда өмір сүрулеріне қарамастан, адам болмысын ашуда ортақ идеялары мен бейнелеу тәсілдері кездеседі. Бұл ортақтықтың өз заңдылығы да бар. Оны көркем туындыдағы макро және микро концептілер аясында саралауға болады.

Тұжырым – әлемнің шындық немесе қияли негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындайтын бірлік. Адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, елеп-екшейді, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде дүниенің тілдік бейнесі жасалады.

Тұжырым құрылымы өте күрделі. Зерттеуші З.Д.Попова тұжырымдардың түрлерін анықтау барысында когнитивтік концептілердің адам санасында қалыптасуын әр түрлі процестер негізінде (сезімталдық, ойлау операциялары, санадағы тілдік бірліктер арқылы) топтастырады. Ғалым тұжырым туралы: «Тұжырым адам санасында, алдымен, сезіну арқылы тәжірибеде негізінде қалыптасады, екіншіден, адамның жеке өмірі мен қызметі арқылы дамиды, үшіншіден бұрын адам санасында қалыптасқан жағдаяттар мен басқа да концепт белгілері мен қасиеттерін сәйкестендіре қолдану арқылы таныла түседі, төртіншіден, тілдік таңбасы жиі қолданылып, стереотиптік деңгейге жеткен таңбалармен таныту арқылы анықталады, бесіншіден, тілдік бірліктерін саналы түрде сол дүние табиғатын танытуға болады деп тұжырым жасау негізінде қалыптасады» - [1.17] деп анықтама береді. Байқағанымыздай, концепт адамның тікелей ішкі сезімімен байланысты қарастырылады екен. Адам санасында ойлаудың ерекше деңгейінде бейнелі түрде салынған дүниенің көркем бейнесі арқылы белгілі бір концепт ұғымдар мен түсініктер қалыптасып, жазушының танымына байланысты көркем шығармаға айналады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу мақаласын жазу барысында жазушылардың бейнелеген табиғат суреттері мен адам болмысы арасындағы байланыс сараланып, олардағы рухани экология мәселесіне назар аударылды. Сонымен қатар, салыстыру, дәйектеу, салғастыру әдістері қажетінше қолданылды. Зерттеу материалдары ретінде жазушы Мұхтар Әуезов пен қаламгер Эрнест Хемингуэй туындылары алынды.

НӘТИЖЕЛЕР СӨЗІ

Тұжырымдар ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді. Мәдени концептілердің ұлттық үлгілеріне тән ортақ және ерекше белгілерін айқындау үшін олардың алдымен тілдік көрінісін айқындап аламыз. Белгілі бір ұғымды білдіретін сөздің этимологиясы, синонимиясы мен антонимиясы, тіркесу, контекстік қолдануы, семантикалық түрленулері, образды беру ассоциациясы, бағалануы, фразеология және тілдік шаблондар құрамында берілуі – бұның барлығы әрбір ұғымды білдіретін басты концептілердің өзіндік «тілін», оларды реконструкция жасауға, адам санасындағы алатын орнын айқындауға мүмкіндік береді. Міне, осылай сарапталған, өмірлік мәні бар ұғымдар дүниетанымдық концептілердің шынайы мәнін ашады.

Ғалым Е. А. Стеценко әдебиеттегі тұжырымды басқа да ғылым салаларымен байланыста қарастырып, оның әлеуметтік және психологиялық жақтарын адам бойындағы түрлі ішкі сезімдер байланысымен қарастырады: «Классикалық реализмде хаос пен тәртіп ұғымдары тек әлеуметтік ғана емес, сонымен бірге психологиялық категориялар ретінде әрекет етеді, адам өмірінің айналасындағыларға ұтымды және эмоционалды қатынас, адамның өзімен «келіспеуі» және «келіспеуі», «психикалық шатасу» және «тыныштық күйі» сияқты мәңгілік құбылыстарына сәйкес келеді. мәдени контекст. Осы жаһандық философиялық ұғымдардың осындай «камералық» мазмұнының мүмкіндігі адам санасында олар ежелден аксиологиялық боялған және моральдық категориялармен байланысты болғандықтан, сол арқылы адамның ішкі күйін және оның сыртқы әлеммен байланысын

анықтай алатындығына байланысты»[2]. Әдебиеттегі тұжырымдар тілдік қорды толық пайдаланып қаламгердің шығармашылық лабораториясымен және оның жеке философиялық танымымен байланысты қалыптасады. Әдебиет өмірдің көркем бейнесін көрсеткендіктен өмірден алынған тұжырымдар жинақтала келе, белгілі бір ұғымның түйінді сипатын беріп, тұжырымдар категория құрады.

Әдебиеттегі макро тұжырымдар туралы ғылыми пайымдаулар кейінгі жылдардағы зерттеулерде жиірек айтыла бастады. Әсіресе, ұлттық әдебиеттердің ерекшелігін ашуда макро тұжырымдар ұғымының маңызы зор. Ол жазушы танымы мен оның шыққан қоғамдық-әлеуметтік ортасына байланысты бейнеленетін идеяның негізін ашады. Зерттеуші М. Пименова макроконцептінің бұл сипатын: «Макро тұжырымдар деп оның құрамына кіретін барлық концептілерді тек және түр жағына байланыстыратын психологиялық құрылым» -, деп көрсеткен. [3]. Макро тұжырымдар зерттеушілер былайша саралайды:

- 1) олардың құрылымына кіретін белгілердің жиынтығымен және санымен;
- 2) жекелеген философиялық белгілерге немесе олардың топтарына назар аударумен;
- 3) белгілі бір макро тұжырымдар саласына жататын тұжырымдамалар құрылымдарында философиялық белгілер кешенін көрсетумен ерекшеленеді.

ТАЛҚЫЛАУ СӨЗІ

Көркем макро тұжырымдар күрделі психологиялық конструкция деп саналады. Ол ол белгілі бір әдеби шығарма шеңберінде жеке авторлық мазмұн алады және оның құрылымына кіретін ұғымдармен, түрлік қатынастармен тығыз байланысты болады. Мысалы, М. Әуезов шығармаларында макроконцептілер пейзаж суреті мен кейіпкерлердің ішкі монологы немесе авторлық пайымдау сәттерінде көрінеді. Жалпы «Абай жолы» роман-эпопеясының архетектоникасы, көркемдігі туралы зерттелген ғылыми еңбектер баршылық. Ол зерттеулерде табиғат бейнесі, адам болмысы, әйелдер бейнесі және тағы басқа да көптеген теориялық аяда қарастырылғаны белгілі. Десек те, бұлардың барлығының басын біріктіруші концепткатегориялар аясында қарастырылған зерттеулер керек деп есептейміз. Жазушы өзінің «Абай жолы» романының жазылу жайынан» деген мақаласында пейзаждар мен географиялық атаулар тарихилығы сақталғаны туралы айтады: «Романдағы географиялық атаулар, пейзаж бәрі шындық, әсіресе пейзаж. Абай туған даланың жалаң көріністері ғана емес, тірі табиғаттың сырлы суреттері. Түрліше оқиғаларға куә жайлау, қыстау қоныс аттары өз күйінде алынды» [4.93]. Бұл қаламгердің жалпы роман идеясын ашуда тарихи жер-су атауларын және табиғат суреттерін молынан пайдаланғанын және негізгі түйінді байламдарды осы суреттер арқылы бергенін білдіреді. Мысалы романдағы: «... Жазықсыз, сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі әдемі өлке мұнарланады. Барлық айналадағы кең дүниеге, әсіресе мынау өзі туған сахара, өлке бедеріне соншалық туысқандық ыстық сезіммен, кешіріммен де қарайды. Жабыса, сағына сүйеді. Үзілмей, қатаймай, бір қалыппен желпіп соққан әдемі салқын, қоңып жел қандай рахат. Осы желмен құлпыра толқып, су бетіндей жыбыр қағып, шалқып жатқан алкүрең көде мен селеу далалары... дала емес, теңіздері қандай» [5.12] Немесе: «... Жадыраған май күні бүртүрлі боп нұрланып, тамылжып тұр. Аспанда ұсақ қана ақ мамық бұлттар қалқиды. Айналадағы жазық пен төбешіктің бәрі де алқаракөк. Аласа, тықыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған. Қызғалдақ, жауқазын, сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды. Гулеп ұшқан көбелектей көп бояулы, неше алуан... Бөктер желі таңертең әрдайым Шыңғыс аса соғатын қоңыр салқын күйінде. Қазірде де күн қызуын жеңілдетіп, майда қоңыр лептей үріп тұр» [5 33],-деген үзінділердегі дала суреті мен автор ой астасып келіп, кейіпкер болмысын жалпы адамзатқа тән ерекше сезіммен ашады. Алғашқы үзіндідегі даланың макроконцептісі «сары биік, көкшіл қоныс, ақ көделі» деген бірыңғай дала бояуынан және «кең дүниеге, өзі туған сахара, өлке бедеріне» деген сөздердегі жер бедеріне байланып келіп Абай ойындағы, танымындағы туған жер ұғымын шығарады. «Дала» макро тұжырымдар жер бедері мен бояуы арқылы ашылады. Яғни, даланың микро тұжырымдар ретінде «сары биік, көкшіл

қоныс, ақ көделі», «кең дүниеге, өзі туған сахара, өлке бедеріне» қарастырылған. Енді автор не себепті осы макро және микро концептілерді нақтылы осы суретте алды дегенде кейіпкердің туған жеріне деген ішкі тоғанысқа толы сезімін білдірудің тамаша құралы болып тұр. Белгілі ғалым Р. Сыздық «Сөз құдыреті» еңбегінде: «Дала сөзі –қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да, қазір де туған жердің, қасиетті Отанының символы», – деп көрсетеді [6.190]. Мысалға алынған екінші үзіндіде М. Әуезов «нұрланып, тамылжып жайнаған, құлпырып жайнайды, гулеп ұшқан» етістіктер арқылы даланың әсем бояуын қалыңдата түседі. Сол арқылы «дала» макро тұжырымдар көркемдігін арттырып, оқырманының көз алдына сурет етіп әкеледі.

М. Әуезов бала Абайдың көзімен көрінген «дала» макро тұжырымдар туған дер, туған үй, отан ұғымдарымен сабақтайды. Мысалы: «Үлкендер қорыққан Есембай да, тіпті ұрылар да Абайға сондайлық жат, суық боп көріне алмады. Ұры десе, осы елдің өздеріндей қазақтары. Көп болса, киімдері, ер-тұрманы ғана жаман; қолдарында сойылдары ғана бар. Ондай ұрылар жайында Абайдың естіген әңгімелері соншалық көп. Кейде, тіпті сарытоқым ұры болған — ел ішіндегі үлкендердің өз аузынан естіген әңгімелері де ұмытылмайтын. Қайта бір кездесіп, дәл жауға шапқан пішіндерін көрсем деген іште жүрген ынтықтығы да болатын»,- деген үзіндідегі көп елдің қорқатын ұрыларының да бейнелері туған елін аңсап келе жатқан бала үшін жат емес екені, қайта өзіне жақын және таныс бейнелер екенін көрсетеді [7.10].

Табиғат пен адам болмысының астаса берілуі қаламгер Э. Хемингуэй шығармаларында да өзіндік дара дискурсымен байқалады. «Килиманджаро - қарлы тау» романында: «Ол жатқан керует қалың жапырақты мимозаның саясында тұрған еді. Осыдан күн нұрына шомылған жазықты кеңінен шолып әрі қарай көз жіберді де, ол анадай жерде қоқиланып жүрген үш құзғын құсты көрді, ал енді бірнешеуі аспанда қалықтап жүрді де қойды. Олардың тек жерге түскен көлеңкелері ғана тез – тез зымырағандай. – Машина бұзылған күннен бері олар сумаңдап осы маңнан кетпей қойды, - деді ауру. Бүгін бұл құзғындар бір нәрсені сезгендей жерге жалпыып – жалпыып қонып алған»[8.7]. Шығарма идеясына сай мұнда алынған «дала» макро тұжырымы өлім мен өмір арасында жатқан адам үшін аса қорқынышты болмаса да бір жағымсыз сезімдер мен тылсым әлемді бейнелейді. Жазушы алған сөздерге назар аударсақ: «қоқиланып жүрген үш құзғын құс, бірнешеуі аспанда қалықтап жүр, жерге түскен көлеңкелері, сумаңдап, жерге жалпыып – жалпыып қонып алған» дала ұғымы құзғын құстардың осындай қимыл- әрекеттері арқылы өлімнің символдық нышанына айналғандай. Бұл жерде құзғындар өлімнің метафоралық белгісі сияқты. Лингвотұжырымдар туралы зерттеулерде метафоралық мағына арқылы белгілі бір тұжырымдық ұғымды беру мүмкіндігі талданған [9]. Бұл жердегі құзғындардың топтасуы өлім сәтін жақындатқандай әсер береді. Яғни, жазушы Э. Хемингуэйдің осы шығармасындағы «дала» тұжырымы шығармадағы басты кейіпкердің көзімен, көңілімен алынып, оның соңғы сәтін күткен сезімдерін береді. М. Әуезовтің «даласында» болашаққа қадам басқан бала Абайдың жарқын ұмтылысы болса, жазушы Э. Хемингуэй «даласы» басты кейіпкердің соңғы сәттерін сипаттауда оның сезімін білдіруге арналған ұғымдармен толыққан.

Тұжырымдардың берілуі арқылы жазушының негізгі идеясы ашылады. Осылайша қаламгер Э. Хемингуэйдің «Килиманджаро - қарлы тау» туындысында адам мен табиғаттың үндесуі арқылы өлім мен өмір арасындағы тартыстың макро тұжырымдар береді.

Ал «Шал мен теңіз» повесінде: «Алыс қалған жағалау көзге ұзын жасыл сызық сияқтанып елестеді, оның арғы жағынан көгілдір төбелер қарауытып тұрды, көкжиекпен астасқан бұлттар шұбатылған тау тізбегі секілді. Теңіз беті қаракөкшілденіп, тұңғиықтана берді. Шал су бетіне қарап еді толқынмен бірге тербеле қалқыған балдырға, күннің суға шағылысып мың құбылған сәулесіне көзі түсті. Ол манадан қармағымның баулары тереңге тік бойлады ма деп қадағалап келеді, маңайы толған балдыр болғанына қуанды, мұндай тұстарда балық болары хақ. Көкжиекке ысырылған ақ бұлттар да, күн көзінің биіктеп көтерілген кездегі суда ойнаған ғажайып сәулесі де күн райының жақсы болар қалпын

аңғартады» [10.227]. Басты кейіпкер шалдың көзімен көрінетін «теңіз» тұжырымы әр қырынан алынды. Осы алынған үзіндіде теңіз тылсым дүние тәрізді. Әлі де құпиясын ашпаған, үлкен бір әлем болып көрінеді. Жағалаудың сызық тәрізді болып қана көрініп тұруы, оның алыс екенін, шалдың теңізбен өзі жалғыз бетпе-бет қалып, өмір үшін ұлы күресті бастытын сәттерін бейнелейді.

Профессор А. Исмақова: «Қазақ прозасында алғаш рет қоғамның қайшылығы, адам санасының патологиялық бейнесі, трагедиялық ахуалы, қырқысқан күштердің құрбандығы, адам сезімінің табиғилығы дағдарысты күйде бейнеленді. Адам концепциясының мұндай көрінісі өткен ғасырдағы Т.Манн, Г. Гессе, М. Әуезов шығармаларында көрініс беріп модернизм мен реализмнің ұштастығында бейнеленді», - деп жаңаша ой түйеді [11.195]. Ғалым А. Исмақова тұжырымына сүйене отырып, қалыптасқан тұжырымдамалық категорияларды беруде қаламгерлер алдымен адам жандүниесіне байланысты мәселені тиянақтап алып, табиғатпен және қоғамдық ортамен байланыстыратынын байқадық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ойымызды жинақтай келе, әдебиеттегі макро және микро тұжырымдар жазушының сол шығармада алған тақырыбы мен идеясына байланысты көркем шындықты оқырманының санасында сурет етіп берудің бір тәсілі деген қорытынды жасауға болады. Себебі, тұжырымдарды жазушы ойдан шығармайды, оларды сол халықтың ғасырлар бойы қордаланған көркем сансынан сарқып алып, өзі ұстанған авторлық ұстаным аясында көрсетеді.

Жазушылар өздерінің шығармашылық зертханаларында тұжырымдық категориялар арқылы шығарма идеясының ашылуын басты назарда ұстайтыны анықталды. Қос классик қаламгер шығармаларында табиғаттың ең көп бейнеленетін «дала», «теңіз» көздерінің тұжырымдық мағыналары арқылы алдымен кейіпкер бейнесін сомдап сол арқылы жалпы шығарманың басты идеясын ашқан. Макро тұжырымдық ұғымдар арқылы символдық мағынадағы ауқымды танымды көрсетеді. Жазушылардың шығармашылық зертханаларында қалыптасқан ұлттық және халықтық дүниетаным көркем бейнеге айналып оқырмандарының белгілі бір көзқарастарын қалыптастыруға қызмет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Попова З.Д. Понятие «концепт» в лингвистических исследованиях.– Воронеж, 2000. – 30 с.
- 2 Е. А. Стеценко., Концепты хаоса и порядка в литературе США/.-М.: ИМЛИ РАН,2009.- 264 с.
- 3 Пименова М. В. Концепты внутреннего мира человека (русско-английские соответствия): дис. ...д-ра филол. наук: 10.02.01. СПб., 2001. 497 с.
- 4 Әуезов М. «Абай жолы» романының жазылу жайынан. //Әдебиет және искусство. 1955, 93-бет
- 5 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 22-том. – Алматы: «Дәуір», 2014. – 447б.
- 6 Сыздық Р. Сөз құдыреті. – Алматы: Санат, 1997.– 224 б
- 7 Әуезов М Абай жолы: роман-эпопея 1-том / Мұхтар Әуезов. — Астана : Фолиант, 2023. – 480 б.
- 8 Э. Хемингуэй Килиманджаро - қарлы тау Аударма баспасы. Астана -2002, - 256 б.
- 9 Existential Loneliness in Kazakh Literature and Modern World Literature: Cross-Cultural Insights from Metaphors and Frame Based Analysis Oralsyn Rakymzhan1a, Berdibay Shalabay2a, Omirgul Zhumagulova3a, Gulden Kazhibayeva4a, Ibagul Kairbekova5 International Journal of Society, Culture & Language, 10 (3), 2022
- 10 Э. Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесттер, «Аударма», Астана-2002/ аударған Нығмет

Ғабдуллин, -277 б.

- 11 А. Исмақова Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану (Әдеби зерттеулер) Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 бет.

REFERENCES

- 1 Popova Z. D. Ponyati "concept" in linguistic research./ Z. D. Popova. - Voronezh, 2000. – 30 H.
- 2 E. A. Stetsenko. The concept of chaos and the meaning of literature in the USA/ E. A. Stetsenko.- M.: IMLEY ran, 2009. -264 P.
- 3 Pimenova M. V. concept of the internal world of people(Russian-English cooperation): dis. ...Dr. philol. Nauk: 10.02.01. SPB., 2001.497 PP.
- 4 Auezov M. O. from the writing of the novel" The way of Abai". // Literature and research. 1955, page 93
- 5 fifty-volume collection of works by Auezov M. Volume 22. - Almaty: "ERA", 2014. – 447p.
- 6 Syzdyk R. The Power of the word. - Almaty: Category, 1997– - 224 P
- 7 auezov m Abay's path: epic novel Volume 1 / Mukhtar Auezov. - Astana: Folio, 2023 – - 480 P.
- 8 E. Hemingway Kilimanjaro - snowy mountain translation publishing house. Astana -2002, - 256 P.
- 9 existing Loneliness in Kazakh Literature and Modern World Literature: Cross-Cultural Insights from Metaphors and Frame Based Analysis Oralsyn Rakymzhan1a , Berdibay Shalabay2a , Omirgul Zhumagulova3a , Gulden Kazhibayeva4a , Ibagul Kairbekova5 International Journal of Society, Culture & Language, 10(3), 2022
- 10 E. Hemingway short stories" the Shal and the sea", " translation", Astana-2002/ translated by Nigmat Gabdullin, -277 P.
- 11 A. Ismakova textbook of literary studies (Literary Studies) in the period of Independence. - Almaty: Kazakh university, 2016. - 260 pages.

Материал 19.06.2023 баспаға түсті

Концептуальные категории природы и человека в произведениях М. Ауэзова и Э.Хемингуэя

А. Актанова¹, Ш. Актанова²

¹Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, г. Астана, Республика Казахстан

² "Alikhan Bokeikhan University" г. Семей, Республика Казахстан

В статье рассмотрены вопрос о передаче концепт-категорий природы и человека в произведениях М. Ауэзова и Э. Хемингуэя. Были проанализированы макро- и микро-типы концептов в произведениях писателя-двуязычника, приведены примеры из его произведений и проанализированы их особенности. Кроме того, анализ и изучение термина концепта касательно применения его к художественному произведению было несколько дифференцировано. В статье аргументированно изложена структурная специфика концептов и их непосредственная связь с писательской жемчужиной и рассматривается в рамках национального мировоззрения. Известно, что в произведениях о природе и человеческих отношениях часто дается влияние природы на человека и, следовательно, проявление человеческой сущности. Было отмечено, что писатели поднимали и проблему духовной экологии, передавая картины природы и противоречия в человеческой душе. Анализируя понятие макро- концепта, были рассмотрены пути формирования национального мировоззрения в творчествах писателей.

Ключевые слова: концепт, макроконцепты, микроконцепты, духовная экология, картина природы, бытие человека, литературный анализ, авторское мировоззрение

Материал поступил в редакцию журнала 19.06.2023

Conceptual categories of nature and a human in the works of M. Auezov and E. Hemingway

A. Aktanova¹, Sh. Aktanova²

¹Y. Altynsarin National Academy of Education, Astana, Republic of Kazakhstan

²Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan

The article deals with the issue of transferring the concept categories of nature and a human being in the works of M. Auezov and E. Hemingway. The paper analyzes macro- and micro-types of the concepts in the works of a two-grader writer. The research gives examples from the writer's works and analyzes their features. The research discusses the structural specifics of the concepts and their direct connection with the writer's "pearl". It is known that in works about nature and human relations, the influence of nature on a human and, consequently, the manifestation of human essence are often discovered. It was noted that the writers also raised the problem of spiritual ecology, conveying pictures of nature and contradictions in the human soul. The article includes the analysis of the macro-concept, the ways of forming a national worldview in the works of writers.

Keywords: Concept, macro concepts, micro concepts, spiritual ecology, picture of nature, human being, literary analysis, author's worldview.

Received: 19.06.2023

ӘӨЖ 82.09 (5К)

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp48-61](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp48-61)

Г.С.Бөкен

PhD., қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-1522-0191>, [E-mail.ru asya_2309@mail.ru](mailto:asya_2309@mail.ru)

ЖАЛҒЫЗДЫҚ КАТЕГОРИЯСЫН СИПАТТАУДАҒЫ ПОДТЕКСТІҢ РӨЛІ (АҚБЕРЕН ЕЛГЕЗЕК ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазақ әдебиетіндегі экзистенциализм бағытының даму үрдісіне шолу жасалады. Поэзия мен проза жанрындағы жалғыздық мәселесіне қатысты әдебиеті-ғалым Г.Пірәлиеваның ғылыми пікірлерімен үндес шетелдік психологтар Реана, У.Йенсеннің тұжырымдары сараланады. Психология ғылымындағы жалғыздық категориясының жіктелімін зерделей келе, ақын А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» повесіндегі автор жалғыздығы шығармадан нақты фрагменттер келтірілуі арқылы талданады. А.Елгезек өлеңдеріндегі жалғыздық категориясы «Мама», «Риторикалық сұрақтар», «Кәрі бала», «Сұрамасын», «Түнгі құлазу» өлеңдері негізінде қарастырылады.

Кілт сөздер: жалғыздық, экзистенциализм, автор тұлғасы, поэзия тілі, махаббат.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Поэзиядағы «жалғыздық» сарыны жанның жалғыздығынан туады. Ақын жалғыздығын арқау етіп, оны өлеңге қосады. Жалпы, қазақ поэзиясында бұл сарынды ұстанып, өлең жазған ақындар жетерлік. Олар Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Тұрсын Жұмаш, Ақберен Елгезек секілді тұлғалар.

Қазақ прозасы мен поэзиясындағы экзистенциализм ағымы жаңа дәуір әдебиетінің қалыптасуы кезеңіндегі суреткер санасындағы эстетикалық дарашылдық, шығармашылық процесс арқылы өзінің рухани және эстетикалық күш-қуатының мүмкіншілігін барынша жариялаған кезең болды.